

Отарбаева Г.Н.,

Сулейман Демирель атындағы университетінің магистрі, аға оқытушы,
Қазақстан, Қаскелең қ., e-mail: gaziza.otarbayeva@sdu.edu.kz

ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ МЕТАМОРФОЗАЛАРДЫҢ КОНЦЕПТУАЛДЫҚ БЕЙНЕСІ

«Қазіргі қазақ поэзиясындағы метаморфозалардың концептуалдық бейнесі» атты мақаламызда ұлттық таным мен этникалық болмысты бейнелейтін мифтік құбылушылықтар этностың тұтас бейнесін, барша болмысын анықтайтындығын басты назарға алдық. Қазіргі қазақ ақындарының метаморфозаларды қолдануындағы ұлттық ерекшеліктерін, ұлттық сананың қорында сақталған, тарих қойнауында жатқан ұлттық бейненің поэзиядағы көрінісін талдап көрсеттік. Мәселен, тауға, қыранға, мөлдір бұлаққа, аққу құсқа т.б. сияқты өзіндік пішіндегі құбылуларға ие өлеңдер арқылы ұлттың дәстүрлі мәдениетін, халықтың өзіндік қайталанбас ерекшеліктерін, этностың рухани-мәдени өмірін саралай келе, сана, тіл, мәдениет ұғымдарының байланысын, ұлттың тілдік бейнесін танытатындығы М. Райымбекұлы, А. Елгезек, Е. Жүніс, С. Сейітман, Қ. Омар, Н. Бердалы сынды жас ақындар поэзиясы негізінде зерттелді.

Түйін сөздер: метаморфозалар, ұлттық таным, этнос, поэзия.

Otarbayeva G.N.,

Suleyman Demirel University, MA, Senior Lecturer,
Kazakhstan, Kaskelen, e-mail: gaziza.otarbayeva@sdu.edu.kz

Conceptual images of metamorphosis in modern Kazakh poetry

In our article «Conceptual images of metamorphosis in modern Kazakh poetry» the main attention is paid to the fact that the mythical reincarnations that describe the national consciousness completely determine the image of the ethnos. We analyzed the national peculiarities of the use of metamorphoses by modern Kazakh poets, a picture of the historically formed national image in poetry, and in the national consciousness. For example, poems containing transformations into mountains, eagles, a pure spring, a swan, etc., reveal the unique people's features, the entire image of national language, traditional culture, and the connection between the concepts of language, consciousness and culture. These conclusions were made on the basis of the works of the following young poets – M. Raiymbekuly, A. Elgezek, E. Zhunis, S. Seitman, K. Omar, N. Berdaly

Key words: metamorphosis, national consciousness, ethnos, poetry.

Отарбаева Г.Н.,

магистр, ст. преподаватель Университета имени Сулеймана Демиреля,
Казахстан, г. Қаскелең, e-mail: gaziza.otarbayeva@sdu.edu.kz

Концептуальные образы метаморфоз в современной казахской поэзии

В статье главное внимание уделяется мифическим перевоплощениям, которые описывают национальное сознание, полностью определяют образ этноса. Проанализированы национальные особенности употребления метаморфоз современными казахскими поэтами, картина исторически сложившегося национального образа в поэзии и в национальном сознании. Например, стихи, содержащие превращения в горы, орла, чистого родника, лебедя и т.д., раскрывают неповторимые особенности народа, весь национальный языковой образ, традиционную культуру, и связь понятий языка, сознания и культуры. Эти выводы были сделаны на основе изучения работ таких молодых поэтов, как М. Райымбекулы, А. Елгезек, Е. Жунис, С. Сейитман, Қ. Омар, Н. Бердалы.

Ключевые слова: метаморфозы, национальное сознание, этнос, поэзия.

Кіріспе

Мифтік құбылушылық – әлі де қазіргі қазақ поэзиясындағы адам жанын жайып салудағы таптырмас тәсіл. Мифтік құбылушылық ХХ ғасырдағы қазақ әдебиетінде суреткердің көркемдік-идеялық тәсілі ретінде көрінді. Ғалым Ж.Ә. Айтмұхамбетова: «Мифтік сана бойынша, адам мен табиғат бір, сондықтан, олардың бір-бірінен ешқандай айырмасы жоқ. Осы сенімнен мифтік құбылушылық туындайды», – дейді [1, 80 б.]. Мифологиядағы бір заттан екінші бір затқа, мысалы, адамның аңға, құсқа, жан-жануарға, өсімдікке, айға, күнге, жұлдызға, т.б. жансыз заттарға айналуы, яғни құбылуы метаморфоза деп аталады. Метаморфозаның ең көне түрлері тотемдік түсінік-ұғымдармен тығыз байланысты.

Ұлттық таным мен этникалық болмысты бейнелейтін мифтік құбылушылықтар этностың тұтас бейнесін, барша болмысын анықтайды. Қазіргі қазақ ақындарының метаморфозаларды қолдануындағы ұлттық ерекшеліктер деп ұлттық сананың қорында сақталған, тарих қойнауында жатқан ұлттық бейненің поэзиядағы көрінісін айтамыз. Мәселен, тауға, қыранға, мөлдір бұлаққа, аққу құсқа т.б. сияқты өзіндік пішіндегі құбылуларға ие өлеңдер ұлттың дәстүрлі мәдениетін, халықтың өзіндік қайталанбас ерекшеліктерін, этностың рухани-мәдени өмірін саралай келе, сана, тіл, мәдениет ұғымдарының байланысын, ұлттың тілдік бейнесін танытады.

Зерттеу

Мифтің ұлттық болмысы туралы қазақ мифі арнайы сөз етуге тұрарлық тақырып. Жұлдыз, ай, тау-тас, табиғат құбылыстары, жан-жануарлар туралы айтылатын мифтерден көшпелі өмірдің көрінісін, моральдық-этикалық нормаларын, әдет-ғұрпын, далалық аңдар мен құстардың мінез-құлқын, мал баққан елдің психологиясын жазбай тануға болады. Ал наным-сеніммен, әдет-ғұрыппен, салт-санамен бірге туып, бірге жасасқан мифтің қоғамдағы көрінісі алдымен оның сан-салалы деңгейін танытады.

КӨК БӨРІГЕ ҚҰБЫЛУ. Қазіргі қазақ поэзиясында тотемдік архетиптерді символдық тұспалдаулармен бірлікте беру үрдісі белең алу да. Ақын Бақытжан Алдияр өзінің «Көкбөрінің жырындағы»:

*Бөрі атымызға ылайық
Бөлінбес шерік құрайық.*

*Бөрілі басы байрақ ап,
Арғымақ атты алшайтып мініп айқабақ,
Алшыдай қырға шығайық.
Бір қолымда – Құраным,
Бір қолымда – Күн көтерген қыраным,
Тәуекел десіп тұрайық,
Тәңірден тәубе сұрайық!
... Деп балконнан бір Бөрі Айға ұлиды мұңайып...
[2, 25]*

Мінажат еткен лирикалық кейіпкер Көкбөріге айналып, бөрінің атынан «сөйлейді». Ежелгі грек мифтердегі түрлі құдайлар құбылуы, болмаса әлем әдебиетінде (Ф. Кафка. «Құбылу»), бертін келе қазақ прозасындағы (О. Бөкей. «Атау кере») метаморфозалар есек, қоңыз, кене, ара, т.б. секілді түрлі жағымсыз, қорқынышты жан-жануарларға, жәндіктерге айналу түрінде болса, қазіргі поэзиядан мұндай үрдісті кездестірмедік. Керісінше, сонау түркі дәуірінен бастау алатын *көк түріктер сарыны желісін үзбеген. Қазіргі кейіпкерлер жаны бөрімен үндеседі, қазақтың бүгінгі оғланы да басқаға емес, бөріге айналуды қалайтындай.*

Ақын Алмас Темірбайдың «Екі аяқты қасқыр» өлеңіне де бөрі арқау болғанымен, шешім бөлек.

*Қайғы болып шығады іштен күлкім де,
Ішім күйсе, ұлымауым мүмкін бе?!
Ит адамға айналмайды ешқашан,
Адам итке айналады бір күнде...*

*Өлең жаздым өзім үшін құлшынып,
Өмір сүрдім біреу үшін түршігіп.
Менен ескі итаяғын қызғанып,
Үрді маған ит сияқты Тіршілік!
...Ит-тірлікке ыза-кегім күшейіп,
Ұқсап барам екі аяқты қасқырға [3, 27].*

Постмодернизмге тән өзіне сын тағу, өзіне немесе өзгеге өкпе арту, эмоционалды қайғыру, ашық күреске шықпай, іштен мүжілу бар мұнда.

Жалпы, қасқыр тотемі әлем халықтарының барлығында бар. Мәселен, қазаққа бауыр халық – башқұрт ұлтының атауы «бас бөрі» деген мағынаны береді. Татар халқы өздерін «ақ қасқырдан» тарағанбыз деп есептейді. Көптеген түркі тілдес тайпалардың туында бөрінің басы бейнеленетін болған. Онымен қоса, хан, қаған біткеннің барлығы өзін бөрімен теңестіріп отыруға құмар болатын. Мысалы, әлемнің әмірлі билеушісі Шыңғысхан өзін Көк бөрінің рухы қолдайтынына имандай сенетін және барлық жауынгерлерін қасқырдай айдалы, қайратты қылып тәрбиелегені белгілі. Міне, осы ұлттық

сана-сезімнің жемісі ретінде қалыптасқан таным қазіргі қазақ поэзиясында метаморфозалар арқылы көрініс тауып отырғандығына жоғарыда келтірілген мысалдар дәлел.

ТАУ-ТАСҚА ҚҰБЫЛУ. Метаморфозаның ерекше кең тараған түрі – мифологиялық жан иесінің немесе тарихи кейіпкерлердің тасқа айналуы. (Мұндай құбылыстар көбінесе Оңтүстік Азия, Австралия, Оңтүстік Америка мифтерінде жиі көрініс табады). Қазақ поэзиясындағы мифтік құбылушылықтар да сан қырынан, түрі желіде көрініс беріп отырады. С. Сейфуллиннің «Көкшетау» поэмасындағы Жеке батыр туралы аңызда батырдың тасқа айналуы, М. Жұмабаевтың «Оқжетпестің қиясында» поэмасындағы метаморфозалар бүгінгі поэзияда да көрініс береді. Мысалы, Бақытжан Алдияр «Абай ескерткішіне мұң шағу» атты өлеңінде

...Таспа жоны тілінген,
Тасбауырлау қоғамда –
Тасқа айнамай түбінде,
Тыным жоқ-ау маған да....[2, 36] –

дейді. «Ежелгі дәуірде анимистік танымның ауанында өлі затты тірі деп елестететін мифтік ұғымдар уақыт өте келе санадан біртіндеп ығыстырылып, кейінгі халық мұраларында поэтикалық тәсіл ретінде қолданылатындығы ғылымда дәлелденген» [4, 150].

Қазақ мифологиясында адамның тау-тас, аң және басқа заттарға айналуының себебі – оның күнәсына байланысты немесе шаршап-қажудан деп түсіндіретін мифтер мифтік сананың кейінгі, дамыған кезеңімен байланысты. Бұл кезеңде адам тірі мен өлінің арасында алшақтық бар екеніне көзі жетіп, енді адам басқа нәрселерге сыртқы күштің әсерінен айналады деп сенген. Дәл осы тұжырымға ақын Ж. Бөдешұлы жыраулық сарынмен толғаған өлеңдері айқын мысал бола алады.

Аңызға ақын көңілім қанбай қалып,
Таңқалдым құдіретіне таңдай қағып.
Жер үшін құрбан болған Бұланай ер,
Кетіпті мынау алып тауға айналып. [5, 42]

Тегінде алып батырдың денесі тау-тасқа құбылу, көзден немесе көз жасынан су пайда болу сарыны түрік-моңғол фольклорында жиі кездесетін, жалпы адам баласының ең ежелгі санасынан хабар беретін мифопоэтикалық құбылыс деуге болады. Біз талдаған өлеңде Ж. Бөдешұлы фольклорлық дайын сюжетті, яғни өз

тілімен айтқанда аңызды жырлаған. Ал келесі бір өлеңде «тау-тасқа құбылу» сарынын саналы түрде көркемдік құрал ретінде пайдаланып, дағдылы сарынды Алатауға телиді:

Жанымды жаралады жастай жалған,
Сүңгідей кірпігіме жас байланған.
Алатау ақылы асқан адам екен,
Тағдырдың талқысымен тасқа айналған.[5, 43]

Рас, ақын айтып отырғандай Алатаудың бұрын адам болғандығы туралы топонимикалық аңыз ел аузында айтылмайды. Бірақ ақын ежелгі қалыпты үлгіні қиялмен көмкеріп пайдалану арқылы Алатаудың көрнекі бейнесін жасайды. Ақынның поэтикалық түсіндіруі бойынша Алатау бұрын адам болған, бірақ ол аңыздағыдай алып батыр емес, кәдімгі «ақылы асқан адам». Яғни, ақын Алатауды ойшыл қартқа ұқсатады.

ҚҰСҚА АЙНАЛУ. Метаморфозалық қолданыстарда тұрақты желілердің бірі – құс, оның ішінде көбінесе аққу, қаз, бүркіт, тұйғын. Бүркіт, аққу – ескі қазақ руларына қасиетті болған (то-тем) жануарлар, сондықтан аққуды культке айналдырып, атқызбай, өлтірмей, «киелі» деп санайтын. Бүркіт жайында аңыз, ертегі-әңгімелер, әсіресе ескі шумер, үнді, грек жұрттарында көп кездеседі. Оның үстіне, бүркітті қасиеттеу, ырым қылу Орал-Алтай алабын мекендейтін бақташы руларда бұрыннан келе жатқан аңыз. Алайда, бүркіт аңшылығы қазақ өміріндегі дағдылы істің бірі болғандықтан, бүркіт аңызы теңіз жайлайтын гректердің қиялындағы бүркіттен басқаша тәрізді. Ескі гректер бүркітті қиялмен жырласа, қазақта бүркітті түз құсы, аспанның қыраны деп, оның өз қасиеттерін, шаруаға пайдалы жағын, аңшылықтың көркі екенін жырлаған. Қазақ танымындағы қыран құс биіктіктің, алғырлықтың, тәуелсіз еркіндіктің символы ретінде қалыптасқан.

Ақын С. Сейітман қыранға тән алғырлық пен асқақтықты, өрлік пен өткірлікті «Қыранды қайрау» атты өлеңінде осы мифтік құбылуға ынтызарлық тәсілі арқылы былайша береді:

Қанатты жәндік көп ұзамас төбеден,
Қашыққа самғау да өлшенер өремен.
Мен егер құс болсам,
Шоқ күннен от көсем,
Күлімді қалдырмай өртеніп өлер ем [6, 22]

Құс бейнесіне құбылуларда қалыптасқан тағы бір түсінік – ұшқырлық, еркіндік, қиялдың жүйріктігі, биік сезім, көктегі көңіл сынды ойлармен де ұштасып жатады. Халық жер асты әлемін

жылан, айдаһар арқылы бейнелесе, ал аспан әлемін құс арқылы елестетеді. Көкке көтерілу, биіктікті бағындыру қанатты құс арқылы жүзеге асады деген ұғымының фольклордағы көрінісі ертегі-аңыздардан анық аңғарылады. Сондықтан да құс киелі саналады. Халқымыз қасиет тұтқан жеті қазынаның бірі. Осы фольклорлық түсінік тіліміздегі «көңіл құсы көкке көтеріледі», «басына бақыт құсы қонды» деген тұрақты тіркесті қалыптастыруға негіз болды.

Әсіресе, қазіргі көркем әдеби туындыларда адамның аққуға айналуы туралы мифтерді кездестіруге болады. Аққу, көбінесе—әдеміліктің, тектіліктің, махаббатқа адалдықтың, қазақы мәдениеттің символы ретінде бейнеленеді. Қасиет, кие туралы ұғымдар көбінесе ұлттық мифологиядағы көнеден орныққан бейнелермен көрсетіледі. Солардың бірі – аққу. Түркілік мифологияда бұл құстың қасиеті мен киелілігі жайлы айтылатын әңгімелер көп. Аққу – халық сенімінде атуға тыйым салынған аң-құстардың қатарында.

Аққу мифі – ұлттық ұғымда ғана емес, әлемдік танымда да кеңінен орын ала отырып, өзінің бойына көпбейнелі мәдени қабаттарды жинақтаған. Ежелгі грек мифтерінде өзінің қаза болған досы Фазтонды жоқтап, шерленген бозбала Кикнаны Аполлон құдай әдемі аққуға айналдырады. Әдебиеттанушы Дж. Макльсон мынадай түсініктеме береді: «Аққу – ақынның, әншінің, сондай-ақ, асқақ поэзияның символы. Бұл символиканың негізі жанның (рухтың) аққу бейнесінде аспанды кезуі, қайта жаңғыру, кіршіксіз тазалық, кемелдік, тәкаппар жалғыздық, ерлік пен поэзияның әулиелік бастау-сипаты туралы таным-түсінікпен байланысты».

Жан өлмейді, екінші өмірді аңға, құсқа, өсімдікке айналып сүреді деген мифтік түсінік қазіргі поэзияда да жиі кездесіп отырады. Ақтық сапарға аттану – бұлжымас тіршілік заңы болса, рухтың мәңгіліктігі туралы түсінік мүлде ғайып болуды мойындамайды. Ақын Тоқтарәлі Таңжарық «Дала» атты өлеңінде айтылған ойды төмендегідей өрнектейді:

...Мен Сенің осындай әуеніңмен оянғам,
Айғай мен ұранға тұншықтым және де.
...Қап-қара табыттың ішінде жатсам да,
Көкірегім өзіңнің шұғылаңа боянар...
Рухым құс болып қалықтап әуеде. [7, 21]

Мифтік сана сілемінде өлімді бір табиғи түрден екінші түрге өту деп қараған сенім бар.

«О дүние», «бұ дүние», «тірілер әлемі», «өлілер әлемі» арасындағы шекара туралы таным-түсініктер құбылушылықпен де байланысты. Өлім, яғни өлілер патшалығына – о дүниеге өту мифологияда құбылушылық түрінде қарастырылады.

Нәтижелер мен тұжырымдар

Көркемдік бейнелеу ретінде пайдаланылған мифтік құбылушылық тәсілі туралы ойымызды М.Н. Эпштейннің «Қазіргі әдебиеттегі мифологизм түп негізі философиямен сабақтасатын рефлектілі сипатымен, сондай-ақ суреткердің мифке интеллектуалды қарым-қатынасымен ерекшеленеді» [8, 52] деген пікірімен тұжырымдаймыз.

Мифті зерттеуші В.В. Иванов: «Смерть – переход в царство мертвых в мифологии обычно рассматривается как метаморфоза: превращение человека /чаще – его души либо одной из его душ, если предполагается множественность душ одного человека / в животное/ чаще всего птицу: иногда это превращение происходит не сразу после смерти, а спустя несколько лет, как в мифах ацтеков о небесном доме солнца/» [9, 96] – деген тұжырымға келсе, А.Ф. Лосев: «спорят и всегда спорили о бессмертии души», – дей келіп: «Я утверждаю одно: если вы хотите рассуждать чисто диалектический /пожалуйста, не рассуждайте/ то бессмертие души есть для мифологии примитивнейшая аксиома диалектики... Душа бессмертна также, как бессмертно все на свете» [10, 154], – деген тұжырым жасайды.

Қазақ танымындағы пенденің өзі өлгенімен, жаны өлмей, құс секілді әлемді шарлап ұшып жүреді, моладан шыққан сиқырлы сыбыр, сол әуелеп ұшып жүрген Құс-жанның ымырт жабыла өз ұясына оралып, күні бойына жер бетінен тіршіліктен не көріп, не істеп білгендерін әңгімелеп жатады деген таным осыдан бастау алатын болса керек.

Рухтың мәңгіліктігі оның мүлде ғайып болмай, екінші бір түрде ғұмырын жалғастыруы түрінде түсіндіріледі. Адам бұ дүниеден о дүниеге сапар шеккенде көбінесе құсқа айналады деген ұғым бірсыпыра мифтік әңгімелерге арқау болғаны белгілі [2, 44]. Қазақ халқының ұғымында өлім алдында жатқан адамның денесінен «көбелек-жан» немесе «шыбын жан» бөлініп шыққан кезде адам көз жұмады. Жан (рух) шыбын не құс түрінде тәннен ұшып кетеді. «Тән өлсе де, жан өлмейді», адам өлгенмен оның жаны басқа нәрсеге барып қонады, өмір сүруін жалғастырады деген наным-сенім барлық

халықтарда да кездеседі. Жанның мәңгіліктігі туралы ұғым адам мен жануарлар арасына жік қоймаған мифтік санаға тән ойлау формасында жатыр. Қатты қиналған кезде «шыбын жаным-ай», «шыбын жаным көзіме көрінді», «көзіңе көк шыбын үймелетем», «шыбын жаны шырқырады» деген тіркестердегі бейнелеулердің өзі мифтік түсінікке барып тіреледі.

Қорытынды

Қорытындыласақ, ұлттық таным мен этникалық болмысты бейнелейтін мифтік құбы-

лушылықтар этностың тұтас бейнесін, барша болмысын анықтайды. Қазіргі қазақ ақындарының метаморфозаларды қолдануындағы ұлттық ерекшеліктер деп ұлттық сананың қорында сақталған, тарих қойнауында жатқан ұлттық бейненің поэзиядағы көрінісін айтамыз. Мәселен, тауға, қыранға, мөлдір бұлаққа, аққу құсқа т.б. сияқты өзіндік пішіндегі құбылуларға ие өлеңдер ұлттың дәстүрлі мәдениетін, халықтың өзіндік қайталанбас ерекшеліктерін, этностың рухани-мәдени өмірін саралай келе, сана, тіл, мәдениет ұғымдарының байланысын, ұлттың тілдік бейнесін танытады.

Әдебиеттер

- 1 Аймұхамбетова Ж.Ә. Проблемы мифологизма в прозе О. Бокея: канд. дисс. – Астана, 1999.
- 2 Алдияр Б. Стихи // «Дала мен қала». 06.01.2013.
- 3 Темірбай А. Автопортрет: сборник стихов. – Астана, 2009. – 286 с.
- 4 Фольклор и казахская литература. – Алматы: «Арда», 2011. – 480 с.
- 5 Бодешулы Ж. Жұлдызтас: сборник стихов. – Алматы, 2000. – 375 с.
- 6 Сейітман С. Сборник стихов. – Алматы, 2010. – 80 с.
- 7 Таңжарық Т. Ночные страницы: поэзия. – Алматы: Жалын, 2008. – 63 с.
- 8 Эпштейн М.Н. Мифы народов мира. Энциклопедия. – М., 1997.
- 9 Иванов В.В. Мифы народов мира. Энциклопедия. – М., 1997.
- 10 Лосев А.Ф. Философия. Мифология. Культура. – М., 1991. – С. 185.

References

- 1 Aimukhambetova Zh.A. Problems of mythology in prose O. Bokey [Candid. diss.] Astana: 1999. (In Kazakh)
- 2 Aldiyar B. [A newspaper «Stihi Steppe and City»] 06.01.2013. (In Kazakh)
- 3 Temirbai A. Self – portrait [Story of Sticks.] Astana: 2009, 286 p. (In Kazakh)
- 4 [Folklore and kazakh literature] Almaty: Arda, 2011, 480 p. (In Kazakh)
- 5 Bodeshuly Zh. [Zhyldyzas: The coin of spikes.] Almaty, 2000. 375 p. (In Kazakh)
- 6 Seitman S. [The collector of spikes.] Almaty, 2010. 80 p. (In Kazakh)
- 7 Tanzharyk T. Night Scots: [Poetry.] Almaty: Zhalyyn, 2008, 63 p. (In Kazakh)
- 8 Epstein M.N. Myths of the world people. [Encyclopedia.] Moscow, 1997. (In Russian)
- 9 Ivanov V.V. Myths of the world people. [Encyclopedia.] – Moscow, 1997. (In Russian)
- 10 Losev A.F. Philosophy. Mythology. Culture [Encyclopedia.], Moscow, 1991, 185 p. (In Russian)